



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ОТЧЕТ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ

6B02336 – «Қазақ филологиясы»

білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу
стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы
сараптау комиссиясы
жұмысының нәтижелері туралы

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

АРТА
Аккредиттеу кеңесіне
жіберілді



ОТЧЕТ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ

6B02336 – «Қазақ филологиясы»

білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының
талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы
жұмысының нәтижелері туралы

ЕСЕБІ

2025 жылғы 25-27 ақпан

Қызылорда қ.

«27» ақпан 2025 жыл

Мазмұны

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ.....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ	5
(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	5
(V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ	6
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ ..	8
6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»	8
6.2. Стандарт «Ақпаратты басқару және есеп беру»	15
6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»	18
6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы».....	21
6.5. Стандарт «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау».....	23
6.6. Стандарт «Білім алушылар»	26
6.7. Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы».....	29
6.8. Стандарт «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі».....	33
6.9. Стандарт «Қоғамды ақпараттандыру»	36
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ / ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ	39
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ	40
(IX) АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС	41
ҚОСЫМША 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАҒДАР ПАРАМЕТРЛЕРІ» БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ	42
ҚОСЫМША 2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ.....	50
ҚОСЫМША 3. ПОҚ САУАЛНАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	57
ҚОСЫМША 4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ	61

(I)БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АЖ – ақпараттық жүйе
АК – академиялық күнтізбе
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технология
ББ – білім бағдарламасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
БП – базалық пәндер
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖБП – жалпы білім беру пәндері
ЖОО – жоғары оқу орны
КАБИС – Қазақстандық автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесі
КазНЭБ – Қазақ ұлттық электронды кітапхана
КПҒК – кешенді проблемалар жөніндегі ғылыми кеңес
КП – кәсіптендіру пәндері
КТ – кешенді тест
КС – кәсіби стандарт
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚМУ – Қызылорда мемлекеттік университеті
ҚХР – Қытай халық республикасы
МАК – мемлекеттік аттестациялық комиссия
МК – міндетті компонент
МҚА – мемлекеттік қорытынды аттестация
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
МҚС – мемлекеттік қызмет стандарты
МҚ – мемлекеттік қызмет
МОӘК – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
МББ – модульдік білім беру бағдарламасы
ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені
РМЭБ – Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана
СҚҚО – студентке қызмет көрсету орталығы
СБШ – салалық біліктілік шеңбері
СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы
СОӨЖ – студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы
СЖО – студент жастар одағы
СТОД – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
ТК – таңдау компоненті
ТОЖ – типтік оқу жоспары
ҰБЖ – ұлттық білім жүйесі
ҰБТ – ұлттық бірінғай тестілеу
ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері
ЭЗЖ – эксперименттік-зерттеу жұмысы
ЭПК – элективті пәндер каталогы
GPA – Grade Point Average (жұмсалған жалпы уақытты есепке алғандағы барлық өтілген курстардан алынған орташа арифметикалық баға)
ECTS – European Credit Transfer and Accumulation System (кредиттерді ауыстыру мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі)
ISO – International Organization for Standardization (Стандарттау бойынша

(II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі бас директорының №17-25-ОД 5.02.2025 бұйрығына сәйкес 2025 жылдың 25-27 ақпан аралығында сыртқы сараптау комиссиясы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ «6B02336 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры бағдарламалары сапасын бағалау стандарттарына сәйкестігін бағалады.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебінде қызметінің АРТА критерийлеріне мамандандырылған аккредиттеу аясындағы сәйкестігі бағаланып, мамандандырылған профиль параметрлерін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары қамтылған.

Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау бойынша сыртқы сараптама комиссиясы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау бойынша.

Сыртқы сараптау комиссиясы құрамы:

1. *IAAR* комиссиясының төрағасы – Бурбекова Сауле Жорабековна, филология ғылымдарының кандидаты, Astana IT University доценті (Астана қ.); *Off-line қатысу*;

2. *IAAR* шетелдік сарапшысы – Брацихин Андрей Александрович, техника ғылымдарының докторы, «Ижевск мемлекеттік ауылшаруашылық академиясы» ФМБМ ректоры (Ижевск қ., Удмуртия Республикасы, Ресей Федерациясы); *On-line қатысу*;

3. *IAAR* сарапшысы – Каирова Меруерт Калиевна, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Павлодар қ.); *Off-line қатысу*;

4. *IAAR* сарапшысы – Кадырова Айгуль Кеулимкосовна, «Қазақ филологиясы» БББ 1 курс студенті, НАО «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» (Қостанай қ.); *On-line қатысу*;

5. *IAAR* сарапшысы – Таева Айгуль Маратовна, техника ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Алматы технологиялық университеті (Алматы қ.); *On-line қатысу*;

6. *IAAR* сарапшысы – Бекназар Раушан Рахымқызы, Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті, «Тамақ өндірісінің технологиясы және инжинирингі» БББ 2-курс магистранты (Алматы қ.); *On-line қатысу*;

7. *IAAR* сарапшысы – Алдунгарова Алия Кайратовна, PhD, қауымдастырылған профессор, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (Көкшетау қ.); *Off-line қатысу*;

8. *IAAR* сарапшысы, жұмыс беруші – Кенетбаев Болат Сабитканович, «УЛБАТЕХЦЕНТР» ЖШС-ның атқарушы директоры (Өскемен қ.); *On-line қатысу*;

9. *IAAR* сарапшысы – Жаирбаева Гульназ Аскаровна, «Құрылыс» БББ 2 курс докторанты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ.); *On-line қатысу*.

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қорқыт Ата атындағы ҚУ) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы № 256 қаулысы) базасында құрылды.

Университеттің тарихы 1937 жылы Қиыр Шығыс Корея педагогикалық институтының базасында Қызылорда педагогикалық институты ашылған кезден басталады.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орнының кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысы негізінде, ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» № 315 2020 жылғы 01 шілдедегі бұйрығымен «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды».

Университет QS World University Ranking-2024 рейтингі бойынша әлемнің үздік 1400+ университеттерінің қатарына кіреді.

Азия континентінің жоғары оқу орындары арасында QS Asia ranking рейтингтік агенттігінің нұсқасы бойынша 2024 жылы университет ТОП-541-560 кірді.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР) өткізетін ЖОО-лардың ұлттық сұраныс рейтингінің қорытындысы бойынша университет 7-орынды иелене отырып, Қазақстан Республикасының үздік 10 жоғары оқу орнының қатарына кіреді.

Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша білім беру қызметі 28.07.2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген лицензия (№ KZ 67LAA00018492) негізінде жүзеге асырылады.

Кадрларды даярлау 5 институт базасында 66 бакалавриат, 34 магистратура, 13 докторантура (PhD) білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Университеттің материалдық-техникалық базасына 10 оқу ғимараты, 5 жатақхана, студенттер сарайы, 8 студенттік асхана, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, оқу-әскери полигоны, 6 оқу залы бар кітапхана кіреді.

Қазіргі уақытта білім алушылар контингенті 10512 адамды құрайды, оның ішінде: бакалавриат бойынша – 9888 студент, магистратура бойынша – 548 магистрант, PhD докторантура бойынша – 76 докторант. Оқу процесін 474 штаттық оқытушы жүзеге асырады, оның ішінде 18 ғылым докторы, 48 PhD докторы, 182 ғылым кандидаты.

(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК ұсыныстарының орындалу барысы аккредиттелген БББ бойынша «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «6В02336 - Қазақ филологиясы», «7М02336 - Филология» білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін АРТА/IAAR ССК ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары» (16.09.2020 ж. бекітілген) негізінде жүзеге асырылуда. «6В02336 - Қазақ филологиясы» БББ бойынша 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарына «Тәуекелдердің алдын алу іс-шараларының жоспар-есебі» дайындалып, бекітілген.

Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылынан бастап «6B02336 - Қазақ филологиясы» БББ-ның жұмыс оқу жоспарына оқытудың қосымша траекториялары енгізілді. Атап айтқанда, траектория 1: Әдебиеттану бойынша «Көркем шығарманы әдеби талдау», «Балалар әдебиеті», «Шетелдердегі қазақ әдебиеті» т.б., траектория 2: Лингвистика бойынша «Мәтінді лингвистикалық талдау», «Қазақ жазу тарихы», «Психолінгвистика» т.б. енгізілді.

Қорытынды: «6B02336 - Қазақ филологиясы», «7M02336 – Филология» білім беру бағдарламаларына қатысты ұсыныс кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Орындалу дәрежесі – 90% құрайды.

ССК ұсыныстары бойынша оқытушылардың, қызметкерлер мен студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшейтін тетіктер ретінде төмендегілерді көрсетуге болады: пән бойынша оқу бағдарламаларын сапалы жеткізу мақсатында Platonus ақпараттық жүйесінде «Тапсырмалар» және «Онлайн Прокторинг жүйесі» лицензиялық модульдері сатып алынған. Электрондық сабақ кестесі құрастырылып, университет сайтына орналастырылған; Білім алушыларды, қызметкерлерді, ПОҚ-ты ақпаратты жинау және талдау процестеріне тарту онлайн форматта сауалнама жүргізу жолымен жүргізіледі, сауалнама нәтижелері аппараттық мәжілістерде, ғылыми кеңестің отырыстарында баяндалады, оларды талқылау жүргізілетін кафедралар мен құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі және тиісті шаралар қабылданады. Мысалы, «Білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға қанағаттануы» әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері бойынша жатақханаларда оқу залы мен компьютерлік сыныптардың жұмыс кестесі ұзартылып, жаңа құрал-жабдықтар сатып алынған, университет асханаларында тағамдардың бағасы төмендетілген.

Университеттің оқу ғимараттары мен жатақханаларында білім беру қызметтерін сапалы пайдалану үшін кітапханалар мен оқу залдары орналасқан. Университетте 900 орындық 5 оқу залы, 70-тен астам компьютерлері бар 4 электрондық оқу залы, сондай-ақ Интернет желісіне қосылған университеттің компьютерлік паркі жұмыс істейді.

Қорытынды: «6B02336 - Қазақ филологиясы», «7M02336 – Филология» білім беру бағдарламаларына қатысты ұсыныс кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Орындалу дәрежесі - 90% құрайды.

БББ білім алушыларды оқыту процесінде тұрақты ілгерілету үшін әзірленеді және түлектердің атрибуттарын қалыптастыруға, белгіленген мақсаттарға және жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. «6B02336 - Қазақ филологиясы» БББ бойынша кәсіптік практика «6B02336 - Қазақ филологиясы» білім бағдарламасына міндетті компоненті болып табылады және теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді алуға, сондай-ақ инновациялық технологияларды игеруге бағытталады.

2023-2024 оқу жылында «6B02336 - Қазақ филологиясы» БББ бойынша кәсіптік сертификаттау саласында дайындық мүмкіндіктерін арттыруға қатысты білім алушылар көрсетілген тақырыптар бойынша Coursera курсына қатысып, білімдерін жетілдіруде.

Қорытынды: «6B02336 - Қазақ филологиясы», «7M02336 – Филология» білім беру бағдарламаларына қатысты ұсыныс кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Орындалу дәрежесі – 90% құрайды.

(V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ

ССК жұмысы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында мамандандырылған аккредитациясы бойынша сараптамалық комиссияның сапар бағдарламасы негізінде 2025 жылғы 25-27 ақпан аралығында жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 2025 жылғы 24 ақпанда ұйымдастыру жиналысы өтті, онда комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапар кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелері бойынша келісімге қол жеткізілді.

Білім беру бағдарламаларының сапасы, білім беру ұйымы және университеттің барлық инфрақұрылымы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау есептерінің мазмұнын нақтылау үшін Басқарма төрағасы, төраға орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер басшылары, оқытушылар және тыңдаушылармен кездесулер ұйымдастырылды. Барлығы 57 өкіл қатысқан.

Кесте 1 – АРТА-нің ССК-мен кездесуге қатысқан қызметкерлер мен тыңдаушылар туралы мәліметтер

Қатысушылар категориясы	Саны
Басқарма төрағасы-Ректор	1
Проректорлар	4
Құрылымдық бөлімше басшылары	18
Институт директорлары	3
ББ жетекшілері	3
Профессорлық-оқытушылар құрамы (1 кластер)	14
Обучающиеся (1 кластер)	9
Түлектер (1 кластер)	3
Жұмыс берушілер, практика базаларының өкілдері (1 кластер)	2
Барлығы	57

Экскурсия барысында ССК мүшелері материалдық-техникалық базаның жағдайымен танысып, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ зертханалары, кітапханалары, оқу кабинеттері мен практика базаларының жұмысына назар аударды. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ мақсатты топтарымен кездесуде университеттің саясатын іске асыру механизмдері мен өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген мәліметтер нақтыланды. Өзін-өзі бағалау есебінде ұсынылған ақпаратты растау үшін сыртқы сарапшылар жоғары оқу орнының жұмыс құжаттамасын сұратып, талдады. Аккредитация кезеңінде жоспар бойынша регламентке сәйкес жұмыс атқарылды.

Жоспарланған бағдарлама аясында «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ білім беру ұйымын жетілдіру бойынша ұсыныстар 2025 жылғы 27 ақпанда басшылықпен кездесуде ұсынылды.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

ЖОО әртүрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде ББ дамыту мақсаты мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуі тиіс

Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсетуі керек

ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді

Сапаны қамтамасыз ету міндеттемесі мердігерлер мен серіктестер орындайтын кез келген қызметке (аутсорсингке), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезінде жатқызылуы тиіс

ББ басшылығы оның жұмыс істеуін талдау, ЖОО-ның нақты орналасуы және оның қызметінің білім алушылардың, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және оны іске асыру мониторингін ұдайы қайта қарау, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестік, ББ ұдайы жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің жұмыс істеуін көрсетеді

ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ тартуға тиіс

ББ басшылығы ББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен үйлесімділігін көрсетуі тиіс

ЖОО ББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындалуын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөледі, алқалы органдардың функцияларын ажыратуды көрсетуі тиіс

ББ басшылығы ББ әзірлеу мен басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оны үздіксіз іске асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады

ББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс

ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалардың (жұмыс берушілердің, ПОҚ, білім алушылардың) өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың өкілдігін қамтамасыз етуге тиіс

ЖОО ББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс

ББ басшылығы ПОҚ білім алушылары, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды

ББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімінен бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде ескеруге ұмтылуы керек

Дәлелдеу бөлімі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ білім беру бағдарламалары қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен жұмыс берушілердің талаптары негізінде түрлі салалардың қажеттіліктеріне сәйкес жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы негізінде білім сапасын жетілдіріп отыру – университеттің негізгі мақсаттарының бірі. БББ даму жоспары және оны жүзеге асыру жолдары үнемі назарда болады. Жоспар бекітілген мерзімге сай қаралып отырады. БББ дамуының жоспарын жүзеге асыру мониторингі бірнеше бағытта: білім алушыларға, ПОҚ-қа жүргізіледі. Оның нәтижесі Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасында анықталады. БББ сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мақсатында университеттің Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы жыл сайын білім алушылар, университет түлектері және жұмыс берушілер арасында жүйелі түрде кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізуді дәстүрге айналдырған.

Жүргізілген сауалнамалар нәтижесі талданып, сараптама жасалады. Респонденттер пікірі ескеріліп, жетілдіру шаралары жүргізіледі.

БББ жүйелі дамытуда аймақ экономикасы, білім беру жүйесіндегі заман талабы, дамыған елдердің ЖОО тәжірибесі назарда ұсталады. БББ даму жоспарын қалыптастыру, жасау кезінде мүдделі тұлғалар пікірлері ескеріледі.

БББ даму жоспары нарық пен бизнес қауымдастықтар тенденцияларына және ЖОО стратегиялық құжаттарына сәйкес жасалған. Бұл ЖОО білім беру саясатына сәйкес БББ даму жоспары білім беру стратегиясына дамудың ұлттық басымдықтарына сәйкестігі үнемі назарда ұсталады. БББ-ның даму жоспарын жасау және қалыптастыруда мүдделі тұлғалардың пікірлері ескеріледі.

Білім сапасын арттыруға профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар, сондай-ақ серіктес ЖОО мен аймақтағы түрлі салалық басқармалар мен жұмыс берушілер қатысады.

«БВ02336-Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. БББ ұлттық басымдықты дамытуға сәйкестігі жұмыс берушілер, бітірушілер, білім алушылар арасында сауалнама жүргізу арқылы талдау жасалады.

Университете БББ-ның іске асыру сапасын, жұмыс берушілердің кадрлық қалауы және жас мамандарды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарын анықтау мақсатында жыл сайын жұмыс берушілер арасында жүйелі түрде кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізіледі.

БББ мен жұмыс берушілердің, бизнес қауымдастықтың өзара байланысы БББ-ның ПОҚ шаруашылық есеп арқылы ғылыми жобаларды орындау, мектеп оқушыларының ғылыми жұмысына жетекшілік жасауы, оқушылардың пәндік олимпиадаларына, әдеби-мәдени байқаулар мен іс-шараларға қазылық ету арқылы жүзеге асырылады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-тың білім сапасын арттырудағы негізгі мақсаты – іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, олардың нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу болып табылады.

Білім алушылар ЖОО басшылары мен жетекшілердің міндеттері жөнінде алқалы органдардың қабылдаған шешімдері туралы ақпаратқа ие.

Университетте қабылданған ұжымдық шешімдер туралы ақпараттар университеттің ресми сайтында <https://korkyt.edu.kz/>, облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде жарияланады.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге арналған барлық университеттік құжаттар университеттің <https://korkyt.edu.kz/page/69> сайтының университет бөліміндегі «Ішкі құжаттар түзілімі» бөлігінде қолжетімді.

Университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және білім алу арасындағы байланысты көрсетеді, сонымен бірге ұлттық және университетішілік контексті есепке алады. Сонымен, сапаны қамтамасыз ету саласындағы мақсаттың бірі университеттің ғылыми зерттеулері мен инновациялық әзірлемелерін дамытуы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру болып табылады.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету және оның жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсатында университет сапа мәдениетін қалыптастыру бойынша жүйелі және қажырлы жұмыс жүргізеді: құндылықтар мен қағидаттар айқындалады, ұжымның барлық мүшелері сапаны қамтамасыз ету мәселелерін бірдей түсінетін, сапа нұсқауларын ұстанатын және айналасындағы сапаны сезінетін мінез-құлық бейнесі қалыптастырылады.

Сапаны қамтамасыз ету процестеріне барлық мүдделі тұлғалар (профессорлық-оқытушылық және әкімшілік-басқарушылық құрам, білім алушылар, жұмыс берушілер) БББ әзірлеу, сараптау және олардың сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін мониторингілеу жөніндегі жұмыс топтарының құрамына енгізу арқылы тартылады.

Оқу үдерісінің сапасын бақылауға бағытталған шаралар жазбалар, актілер, сертификаттар, есептер және т.б. түрінде жазылады және БББ мәжілісінде, институттың

Академиялық сапа жөніндегі комитетінде талқыланады. Бақылау көрсеткіштерін талдау және бағалау негізінде алдын алу және түзету шаралары әзірленеді.

Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы студенттердің, оқытушылардың және университет қызметкерлерінің сауалнамаларын ұйымдастырады және жүргізеді.

Білім беру бағдарламаларының қызметін бағалаудың негізгі нысандарының бірі – олардың жылдық есептері. БББ туралы есеп БББ-ның мәжілістерінде талданады және талқыланады. БББ туралы есептер негізінде институт есебі дайындалады. Институттың жылдық есептері негізінде жалпы университеттік есеп қалыптасады.

Ұлттық басымдықтарға сәйкес «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ даму жоспарын жасауда БББ-ның миссиясына сай білім берудегі озық тәжірибелерді игере отырып, аймақтың әдеби, мәдени, тілдік ерекшеліктерін зерттеп, ғылыми құндылығын арттыруға ықпал ететін бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға жауап бере алатын педагогикалық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша білікті мамандар даярлауды жүзеге асырады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері «6B02336-Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының элективті пәндер каталогына ұсынылады.

БББ-ға қарасты білім бағдарламаларын жасауда жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдарының, ғылыми қауымдастықтың ұсыныс-пікірлері ескеріледі, жыл сайын элективті таңдау каталогы жаңартылып отырады. «Қызылорда облысының Тілдерді оқыту орталығының» ұсынысы негізінде «6B02336-Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша Фил-24-1 оқу тобының жұмыс оқу жоспарына «Академиялық жазылымның теориясы мен практикасы» пәні енгізілді.

«6B02336-Қазақ филологиясы» БББ мазмұнын жан-жақты қарастыру мақсатында ғылыми, оқу-әдістемелік семинарларында баяндамалар жасалып, шеберлік сағаттары мен тренингтер ұйымдастырылады. «А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және ғылыми-ағартушылық қызметінің Қызылорда кезеңі және Ақыметтану пәні» (шеберлік сағаты), «ЖОО-ның тілдік емес мамандықтарының қазақ тобындағы қазақ тілі мәселесі» (панорамалық сабақ), «Қазақ жазуы және емле мәселесі» (бейнесабақ).

«6B02336-Қазақ филологиясы» БББ Түркия Республикасының Анкара қаласындағы Қажы Байрам Уәли университеті Түрік тілі және әдебиеті бөлімінің профессоры, PhD доктор Хуля Касапоғлу Ченгелмен ғылыми байланыс орнатқан. 2023-2024 оқу жылының 1-академиялық кезеңінде (30 қазан – 24 қараша) министрліктің шетелдік ғалымдарды дәріс беруге шақыру бағдарламасы аясында студенттер мен магистранттарға және докторанттарға «Түркі тілдерінің тарихы» және «Ғылыми зерттеудің әдіснамасы» тақырыбында дәрістер жүргізді.

Университетте «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ жаңғырту және оның инновациялық үлгісін қалыптастыру еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің сұраныстарын зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Осы мақсатта мекемелер мен ұйымдарда БББ-ның филиалдары ашылған. БББ филиалдарын ашу бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда университет пен кәсіпорындардың бірлесе жұмыс жасауына да негіз болады. Білім алушылар БББ филиалдарында жан-жақты тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады.

Қазіргі уақытта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ ақпараттық-телекоммуникациялық жүйенің корпоративтік желісін пайдаланады. Ол бірқатар қажетті ақпараттық ресурстар, деректер базасын тиімді пайдалану, оқытудың жаңа технологияларын игеруге мүмкіндік береді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің әрбір оқу корпусы мен барлық жатақханаларында кітапханалар мен оқу залдары бар, бұл білім беру қызметін алуда қолайлылық туғызады. Кітапхана 4 абоненттен және интернетке қосылған 70-тен астам компьютері бар 4 электронды оқу залынан және OpenSpace – университет қызметкерлері мен студенттері үшін тиімді ашық жұмыс алаңынан тұрады. Педагогикалық ұжым мен студенттерге дәстүрлі режимде басып

шығарылған құжаттар, электронды ақпараттық ресурстар және онлайн қызметтер көрсетіледі.

«6B02336-Қазақ филологиясы» БББ бойынша оқу үдерісін жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік құралдар мен монографиялар және ғылыми әдебиеттердің қоры жеткілікті. Дәрісханалар LSD-проекторлармен, интерактивті тақталар және заманауи сыныптармен, оқу-телестудиясымен жабдықталған.

Мұның дәлелі «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ жетістіктері:

- 2023 жылы ҚР ҒЖЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде жүзеге асқан «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» (жетекшісі: Ғ.Тұяқбаев) атты ғылыми жоба іске асырылды;

- 2022-2023 оқу жылында БББ-на «Шетелдегі қазақ әдебиеті» пәні енгізілді. Аталған курс бойынша БББ-ның профессоры, ф.ғ.к. Ғ.Ә.Тұяқбаев дәріс жүргізді;

- 2023-2024 оқу жылының I-академиялық кезеңінде (30 қазан – 24 қараша) министрліктің шетелдік ғалымдарды дәріс беруге шақыру бағдарламасы аясында студенттер мен магистранттарға және докторанттарға «Түркі тілдерінің тарихы» және «Ғылыми зерттеудің әдіснамасы» тақырыбында PhD доктор Хуля Касапоғлу Ченгел дәрістер жүргізді

- Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы, «Сыр-Медиа» ЖШС, т.с.с. аудандық және Қызылорда қалалық білім беру мекемелерімен, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша Кәсіби даму институты, т.б. жұмыс беруші мекемелермен меморандумдар жасалып, ынтымақтаса жұмыс атқарылып жатыр;

- Кафедраның ПОҚ жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстарынан өтеді және БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша курстарда оқыған. Мысалы, 30.03.2023-11.04.2023 жж. аралығында аралығында «Жоғары оқу орындарында педагогикалық жобалау жұмысын ұйымдастыру» және 16.05.2023-06.06.2023 жж. аралығында «Педагогикалық менеджмент: білім беру процесін басқарудағы инновациялар бағдарламасы бойынша біліктілік арттыру курсы ұйымдастырылды. Курсқа қатысушылар стратегиялық менеджмент, көшбасшылық, тәуекелділікпен және жаңа уақыттың шынайылығымен қызметкерлерді басқару туралы мәліметтер алды.

- Дуалды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша келісім шарт іске асырылуда. Білім алушыларға практикалық және зертханалық сабақтар білім беру бағдарламасын сапалы және құзыреттіліктерін жан-жақты дамытуға зор мүмкіндік беріліп жатыр.

- Аккредиттелуші БББ түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие, оларды жұмысқа орналастыру 93% құрайды.

Аналитикалық бөлімі

Ұсынылған құжаттарды зерделеу және ССК мүшелерінің мақсатты топтармен кездесулер негізінде төменде келтірілгендер анықталды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беру бағдарламалары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктелуіне сәйкес, МЖМБС талаптарына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласының нормативтік-құқықтық актілеріне және университеттің академиялық саясатына сәйкес әзірленеді.

Сарапшылар атап өткендей сапаны қамтамасыз ету миссияға, саясатқа, тәжірибеге, мүдделі тараптардың қатысуына және университеттің академиялық мәдениетіне терең әсер етеді. Жоғары білім сапасы кадрларды даярлау сапасына қойылатын талаптарға және білім алушылар мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін білдіреді. Сапа тұжырымдамасы мақсаттың сәйкестігін көрсететін тұтынушы (білім алушы, жұмыс беруші) тұрғысынан да, білім беру қызметін (өнімін) пайдалану немесе тұтыну тұрғысынан да қарастырылады. Білім алушылар білім беру бағдарламасының (білім алушының мүдделері мен сұраныстарын көрсететін мазмұн), білім беру ортасының (инфрақұрылым)

және білім беру процесінің (ұйым, технология) жоғары сапасына қойылатын талаптарды қояды. Осы талаптарды іске асыру білім алушылардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі академиялық комитеттерге және өзге де алқалы органдарға мүшелігі кезінде қамтамасыз етіледі. Сапалы өзгерістердің трансформациясы білім алушы білім беру процесінің міндетті қатысушысы болып табылады. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламасының жоғары сапасына (еңбек нарығында талап етілетін қажетті құзыреттердің болуы тұрғысынан мазмұн) және сапалық сипаттамаларға қойылатын талаптарды белгілейді. Университеттің қажетті ақпараттары <https://korkyt.edu.kz/page/69> сайтында орналасқан.

Есепті кезеңде сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің табысты дамуы және оны қолдауға жоғары дәрежеде бейілділік байқалады.

Университет серіктестермен, аутсорсингтік ұйымдармен жұмыс істеуді қоса алғанда, барлық қызметті қамтитын сапа стандарттарын ұстанады. ЖОО-да сапаны қамтамасыз етудің негізгі тетіктері:

- шарттар деңгейінде бақылау-серіктестермен келісімдерге сапа өлшемшарттарын енгізу, міндеттемелердің орындалуын мониторингілеу, сәйкессіздіктер үшін санкциялар;
- аудит және мониторинг жүйесі-әріптестердің тұрақты аудиті, екі дипломдық бағдарламаларды және академиялық ұтқырлықты бағалау, білім алушылардың қанағаттанушылығы сауалнамалары бойынша қорытындыларды талдау;
- серіктестердің білім беру процестеріне интеграция-бағдарламаларды әзірлеуге қатысу, оқытушыларды сертификаттау, студенттерді бірлескен аттестаттау;
- халықаралық стандарттарға сәйкестік - халықаралық агенттіктерде бағдарламаларды аккредиттеу, жоғары білім беруде ESG ұстану, жаһандық консорциумдарға қатысу;
- ашықтық және есеп беру-сапа туралы мәліметтерді жариялау, ашық есептер, кері байланыс негізінде саясатты түзету.

Университет әзірлеуді, іске асыруды, мониторингті және дамытуды қоса алғанда, БББ негізгі бизнес-процестері үшін жауапкершілікті ашық бөлуді қамтамасыз етеді. Тиімді басқару үшін ЖОО функцияларды нақты ажыратуды қамтамасыз ете отырып, бизнес-процестердің карталарын, лауазымдық нұсқаулықтар мен бөлімшелер туралы ережелерді әзірлейді. Бизнес-процестердің негізгі санаттары және жауапты тұлғалар:

- академиялық басқару-оқу жоспарларын әзірлеу, сапаны бақылау (институт директоры, ББ басшысы, департаменттер);
- әкімшілік басқару-ПОҚ жұмысын үйлестіру, оқу процесінің мониторингі (ББ басшысы, департаменттер);
- серіктестермен өзара іс-қимыл-жұмыс берушілермен, ғылыми ұйымдармен ынтымақтастық (басшылық, ПОҚ);
- білім алушылармен жұмыс-кеңес беру, қолдау, прогресс мониторингі (ПОҚ, куратор-эдвайзерлер).
- қаржы - экономикалық қызмет-бюджеттеу, қаржыландыру, гранттар (басшылық, экономика және қаржы департаменті).

Білім беру бағдарламаларын басқару стратегиялық басшылықты, сапаны бақылауды және әдістемелік қолдауды қамтамасыз ететін алқалы органдар арқылы жүзеге асырылады. Негізгі алқалы органдар және олардың ББ басқарудағы рөлі:

- Ғылыми кеңес-ЖОО стратегиясын бекітеді, ББ-ға өзгерістер енгізеді, ғылым және білім беру саласында түйінді шешімдер қабылдайды;
- Тәртіптік кеңес-этикалық стандарттардың, Академиялық адалдық пен әділеттіліктің сақталуын бақылайды;
- Академиялық комитет-оқу жоспарларын бекітеді, ББ іске асырылуын талдайды және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- Академиялық сапа комитеті-білім беру сапасына мониторинг жүргізеді, оқытушылар мен білім алушылардың жұмысын бағалайды;

- Түлектер қауымдастығы-түлектердің сұранысын талдайды, студенттерге қолдау көрсетеді және ББ жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді.

Тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін ЖОО алқалы органдар туралы ережелерді әзірлейді, шешімдерді хаттамалауды жүргізеді және білім алушылар мен жұмыс берушілерді комиссиялардың құрамына қосады, осылайша басқарманың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Басқару жүйесінің ашықтығын және сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін БББ басшылығы: процестерді құжаттауды қамтамасыз етеді (<https://korkyt.edu.kz/ru/page/69>), тұрақты мониторинг және аудит (ішкі аудит, сәйкес келмейтін өнімді басқару, түзету және алдын алу әрекеттері, деректерді талдау, сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін үнемі жақсарту); шешім қабылдаудағы ашықтық; кері байланыс және қызметкерлердің қатысуы процестерге; персоналды оқыту және дамыту; көрсеткіштер мен есептілік жүйесін пайдалану; сапа менеджментін қолдауға арналған ақпараттық жүйелер.

Университет тәуекелдерді басқарудың тұрақтылықты арттыруға және қатерлерді азайтуға бағытталған кешенді тәсілін енгізуде («Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тәуекелдерді басқару туралы ереже. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және үздіксіз жетілдіру мәдениетін қалыптастыру үшін ЖОО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмыс істейді (<https://korkyt.edu.kz/ru/page/154>)).

Сарапшылар келесі негізгі кезеңдердің іске асырылуын атап өтеді:

- тәуекелдерді сәйкестендіру-ішкі және сыртқы факторларды талдау (кадрлық, қаржылық, ұйымдастырушылық, заңнамалық, экономикалық және технологиялық);
- тәуекелдерді бағалау-оқу процесіне, ғылымға, қаржылық тұрақтылыққа және жоғары оқу орнының беделіне төнетін ықтимал қатерлерді анықтау.

- стратегияларды әзірлеу-тәуекелдерді азайту және алдын алу шараларын әзірлеу.

Сонымен қатар, осы кезеңде ЖОО ББ шеңберінде тәуекелдерді басқару рәсімін іске асырудың одан әрі кезеңдері толық көлемде ұсынылмайды, атап айтқанда:

- мониторинг және бақылау - ББ шеңберінде тәуекелдерді басқару стратегиясын тұрақты талдау және түзету;

- персоналды оқыту-тәуекелдерді басқару үдерістеріне ББ ПОҚ-тың хабардарлығы мен тартылуын арттыру;

- шешім қабылдау және жоспарлау - ББ шеңберінде тәуекелдерді басқару бойынша нақты іс-қимылдарды әзірлеу және әзірленген іс-әрекеттерді құжаттамалық ресімдеу.

Сонымен қатар, сарапшылар «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ даму жоспарында өзінің даралығы мен бірегейлігін көрсетпейтінін, университеттің ұлттық даму басымдықтарымен және даму стратегиясымен келіспейтінін атап өтті.

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және оларға қол жеткізудегі міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 2023-2029 жылдарға арналған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-тың Даму бағдарламасы қабылданды. Онда бәсекеге қабілетті мамандар даярлау сапасын қамтамасыз ету, қазіргі талапқа сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мазмұнын жетілдіру, жоғары оқу орнын басқарудың нәтижелі жүйесін қалыптастыру, инфраструктураны дамыту мәселелері қарастырылған. Осының негізінде сарапшылар келесі негізгі кезеңдердің іске асырылуын атап өтеді:

- тәуекелдерді сәйкестендіру - ішкі және сыртқы факторларды талдау (кадрлық, қаржылық, ұйымдастырушылық, заңнамалық, экономикалық және технологиялық);

- тәуекелдерді бағалау-оқу процесіне, ғылымға, қаржылық тұрақтылыққа және жоғары оқу орнының беделіне төнетін ықтимал қатерлерді анықтау;

- стратегияларды әзірлеу-тәуекелдерді азайту және алдын алу шараларын әзірлеу.

Сонымен қатар, осы кезеңде ЖОО БББ шеңберінде тәуекелдерді басқару рәсімін іске асырудың одан әрі кезеңдері толық көлемде ұсынылмаған, атап айтқанда:

Алайда, ұсынылған ақпаратты талдау негізінде және нысаналы топтармен кездесулердің қорытындысы бойынша сарапшылар аккредиттелетін білім беру бағдарламасының басшылығы БББ дамыту бойынша тәуекелдерге талдау жүргізуі тиіс екенін атап өтті.

Ол үшін келесі шаралар өткізілуі тиіс:

- мониторинг және бақылау-ББ шеңберінде тәуекелдерді басқару стратегиясын тұрақты талдау және түзету;

- персоналды оқыту-тәуекелдерді басқару үдерістеріне БББ ПОҚ-тың хабардарлығы мен тартылуын арттыру;

- шешім қабылдау және жоспарлау - БББ шеңберінде тәуекелдерді басқару бойынша нақты шаралар әзірлеу және әзірленген іс-әрекеттерді құжаттамалық ресімдеу.

ПОҚ сауалнамасының нәтижелері оқу орны басшылығының білім беру бағдарламасының мазмұнына назар аударатынын көрсетті: өте жақсы - 16 адам (72,7%), жақсы - 6 адам (27,3%); ПОҚ-тың басқарушылық және стратегиялық шешімдер қабылдау процесіне қатысуы: өте жақсы - 14 адам (63,6%), Жақсы-7 адам (31,8%); инновациялық қызметті ынталандыру: өте жақсы - 14 адам (63,6%), Жақсы - 7 адам (31,8%); іске асырудың мазмұны мен сапасы бойынша білім беру бағдарламасы еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің күтулеріне сәйкес келеді: өте жақсы - 12 адам (54,5%), жақсы - 10 адам (45,5%); осы университетте алған студенттердің білімі қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келеді: өте жақсы - 14 адам (63,6%), жақсы - 8 адам (36,4%).

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсету жоғары деңгейде жүзеге асырылады.

ССК ұсынысы:

1. Университет Стратегиясы негізінде БББ басшылығы «Қазақ филологиясы» ББ даму жоспарларының құрылымы мен мазмұнын олардың даралығы мен бірегейлігін көрсету мақсатында қайта өңдеу, білім беру ұйымын дамытудың ұлттық басымдықтарымен және даму стратегиясымен келістіріп, нақты ұлттық бағдарламаларға байланыстыру қажет. Мерзімі 2025-2026 оқу жылы;

2. «Қазақ филологиясы» ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы, БББ дамыту бойынша ықтимал тәуекелдердің алдын алу және азайту жөніндегі тәуекелдер мен іс-шаралардың талдауын көрсетуі тиіс. Мерзімі 2025-2026 оқу жылы.

Критерийлерге ССК негізделген:

Күшті – 1

Қанағаттанарлық – 14

Жақсартуды қамтиды – 2

Қанағаттанарлықсыз – 0

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша 17 критерий ашылды, оның ішінде: 1 критерий күшті, 14 критерий қанағаттанарлық ұстанымға ие, 2 критерий – жақсартуды талап етеді.

6.2. Стандарт «Ақпаратты басқару және есеп беру»

ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс

ББ нұсқаулығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетеді

ББ басшылығы ББ шеңберінде барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді

ЖОО ББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауға тиіс

ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды айқындау және деректерді ұсыну тетігін көрсетуі тиіс

ЖОО білім алушыларды, қызметкерлер мен ПОҚ ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне тартуды көрсетеді

ББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екендігін көрсетуге тиіс

ЖОО ББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс

ЖОО қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде ББ бөлінісінде бағалауы тиіс

ЖОО ББ шеңберінде жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:

тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

нысандар мен түрлер бойынша білім алушылар контингентінің динамикасы

үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығару

білім алушылардың ББ іске асырылуына және ЖОО оқыту сапасына қанағаттануы

білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі

түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі

Білім алушылар, қызметкерлер және ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін құжатпен растауы тиіс

ББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге тиіс

Дәлелдеу бөлімі

Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дің оқу үдерісі университеттің 2021 жылы 29 қазанында қабылданған «Қорқыт Ата атындағы ҚУ Академиялық саясат» туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы университеттің құрылымдық бөлімшесі болып саналады, оның мақсаты университеттің Даму бағдарламасын әзірлеу, ішкі және сыртқы факторларды талдау негізінде оны үнемі жетілдіріп отыру, университеттің білім қызметі сапасының менеджменті болып табылады.

Сапаны қамтамасыз ету саясаты «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Даму бағдарламасын әзірлеп, білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден өтуін ұйымдастырып, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің аккредиттеу агенттіктерінің сыртқы сарапшыларының ұсынымдарын орындауын бақылап (аккредиттеуден кейінгі мониторинг), ұлттық және халықаралық рейтингтерге қатысуы бойынша іс-шаралар жүйесін ұйымдастырып, университет, институттар, білім алушылар өмірінің өзекті мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулер ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

Университетте заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жеке ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесі жұмыс істейді.

Жұмыс берушілердің БББ іске асыру сапасына қанағаттануына байланысты университетте жыл сайын білім алушылар, университет түлектері және жұмыс берушілер арасында жүйелі түрде кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізіледі.

«6B02336-Қазақ филологиясы» БББ-ның 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасын іске асыру бойынша оперативтік жоспары жасалған.

Онда білім беру қызметін инновациялық қамтамасыз ету және интернационалдандыру, ғылым мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру стратегиялық бағыттары бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар тізімі көрсетілген.

Университеттің және Гуманитарлық-педагогикалық институтының даму жоспарын жүзеге асыруда «БВ02336-Қазақ филологиясы» БББ-ның профессор-оқытушыларының ғылыми зерттеу еңбектері (монографиялар мен оқулық, оқу құралдары) оқыту барысында тиімді қолданылады.

Platonus ақпараттық жүйесінде оқу сабақтарын сапалы өткізу мақсатында: «тапсырмалар» лицензиялық модулі және «онлайн прокторинг жүйесі» сатып алынды. Университеттің сайтында орналастырылған сабақтардың электрондық кестесі жасалды. <https://korkyt.edu.kz/ru/staticpages/119>

Университеттің ақпараттық жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін университеттің ақпараттық инфрақұрылымының серверлік жүйесін WindowsServer және LinuxUbuntu соңғы операциялық жүйесіне көшіру жүзеге асырылды. Қолданбалы және серверлік қызметтерді пайдаланушылармен жұмыс істеудің ыңғайлылығы үшін пайдаланушыларды activedirectory серверінде бірыңғай тіркеу енгізілді. Exchangeserver 2016 электрондық пошта серверін пайдалану @korkyt.kz корпоративтік пошта арқылы университет қызметкерлері ішкі корпоративтік желіні және сыртқы ортаға қолжетімділікті пайдалана алады.

Университет кітапханасы веб-сайты арқылы электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, кітапхананың сайты. <https://korkyt-nb.kz/> Сондай-ақ, университет АЖ үшін негізгі «Platonus» АЖ болып табылады, ол мынадай процестерді автоматтандыруға мүмкіндік берді.

Интернет желісі арқылы онлайн конференция, жиналыстар немесе басқа кездесулер ұйымдастыру үшін университет «ZOOM meetings» АЖ - бейнеконференция жүйесін пайдаланады. Университет бұл жүйені ай сайын ZOOM платформасына жазылу негізінде пайдаланады.

Университетте бағдарламалық қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері әзірлеген «Кадрлар» АЖ отыз параметрді (жеке деректер, білім туралы, жұмыс туралы, жеңілдіктер, демалыстар, көтермелеулер, наградалар, өндіріп алулар, атқаратын лауазымы, орындалатын жүктеме, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі, еңбек шартының қолданылу мерзімі, лауазым санаты, қосымша ақылар мен үстемеақылар, университеттің ПОҚ және қызметкерлері үшін еңбек шартының нысаны, еңбек шартына қосымша келісім). персонал бойынша жоғарыда аталған барлық деректер қолда бар ақпарат негізінде осы бағдарламаның дерекқорына енгізіледі. Кадр құрамы бойынша есептердің барлық түрлері Excel, WORD бағдарламасындағы АЖО негізінде жасалады.

Университетте ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі Ережеге сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдаланушылар, әлеуетті бұзушылардың модельдері, ақпаратты қорғау құралдары мен шаралары, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік талаптары айқындалған. <https://www.calameo.com/read/00708139052c0f309e3ea>

Университетте іс жүргізу бекітілген нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады және істер номенклатурасымен <https://korkyt.edu.kz/page/69> сайтының университет бөліміндегі Ішкі құжаттар тізілімі бөлігінде құжаттардың сақталуы және мұрағатталуы қамтамасыз етілген.

БББ қызметін бағалаудың кезеңділігі, нысандары мен әдістері, алқалы органдар мен БББ қызметі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі ережемен айқындалады. <https://www.calameo.com/read/0074313086ec174255a06>.

Университет қызметі ААЖ («Платонус», «E-UNIVER») арқылы жүзеге асырылады, олар Ақпаратты мазмұнды жинауға және университеттің білім беру қызметіндегі жай-күйі

мен шешім қабылдауын мақсатты бақылауға бағытталған. ААЖ-ға енгізілетін деректерді университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері бойынша жүргізеді.

Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы басшылықтың қызметін бағалау мақсатында жыл сайын «Білім алушылардың, ПОҚ және персоналдың университет басшылығының қызметіне қанағаттануы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізіледі.

<https://docs.google.com/forms/d/1NsD9PWPVvSLGIO3xFXnHzDvGeULesFMPf4UT2NO1Z4/edit>

Жыл сайын түлектерді жұмыспен қамту мәселесіне орай бітіруші түлектерді өндірістік, дипломалды практика қажет ететін мекемелер мен ұйымдарға жіберу; мекеме басшыларымен кездесу ұйымдастыру; бос орындар жәрмеңкесін өткізу, қалалық және облыстық жұмыспен қамту мекемелерімен тұрақты байланыс орнату; бос орындар туралы ақпараттарды түлектерге хабарлап отыру т.б. шаралар атқарылады.

Университетте білім алушылармен, ПОҚ-мен, көмекші персоналмен және жұмыс берушілермен эдвайзерлік сағат, ақпараттық стендтер, «Platonus» жүйесі, университет сайты, ЖОО-ның білім беру порталы, Ректор блогы және т.б. арқылы қарым-қатынастың басқа да тетіктері қарастырылған.

«6B02336-Қазақ филологиясы» БББ шеңберінде білім алушылардың білім беру үдерісінің сапасына қанағаттануын зерттеу нәтижелері бойынша жалпы білім беру қызметтерінің сапасы оң бағаланады деп қорытынды жасауға болады. Сауалнамаға қатысқан студенттердің көпшілігі өз университеті мен БББ-ның беделіне жоғары баға берді. Респонденттердің негізгі бөлігі оқытушылардың жалпы кәсіби деңгейін жоғары деп бағалады. Сауалнаманың алынған нәтижелері аккредиттелетін білім алушылардың кәсіби даярлық сапасына қанағаттанушылығын растайды.

Аналитикалық бөлімі

Ұсынылған құжаттарды зерделеу және сыртқы сараптамалық комиссия мүшелерінің мақсатты топтармен кездесулері негізінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ішкі пайдалану мен коммуникация үшін, сондай-ақ Ақпараттандыру және сыртқы ортамен байланыс үшін ақпаратты жинау, талдау және басқару үшін қажетті тетіктері мен ақпараттық жүйелері бар екендігі анықталды. Ақпараттық жүйелерде ақпаратты қорғау және сақтау үшін жеткілікті механизмдер бар.

Университет ақпаратты жинау, талдау және басқару үшін заманауи автоматтандырылған жүйелерді белсенді қолданады, бұл білім беру процесі мен басқару қызметінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Негізгі жетістіктер:

- процестерді автоматтандыру - «Platonus» және «Univer» ААЖ, кестені, жатақханаларды, тестілеуді, құжат айналымын басқару модульдері енгізілді (Salemoffice.kz) және кадрлық есепке алу («Кадрлар»);

- цифрлық ресурстарды дамыту - «МегаПро» электрондық кітапханасына, отандық және халықаралық дерекқорларға (Scopus, Springer, Elsevier, РМЭБ және т. б.) қолжетімділік қамтамасыз етілді;

- білім беру сапасын бақылау - Ішкі аудит, студенттер мен ПОҚ-қа сауалнама жүргізу, білім беру бағдарламаларын талдау, білім алушылардың қанағаттанушылығына мониторинг жүргізу;

- ғылыми-зерттеу қызметі – жас ғалымдар кеңесі жұмыс істейді, СҒЗЖ конкурстары мен ғылыми-практикалық конференциялар өткізіледі, «Қорқыт Ата атындағы КУ хабаршысы» журналы шығарылады;

- кері байланыс және коммуникация-сауалнама жүйесі, шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер, сенім телефоны, басшылардың электрондық поштасы, Ректор блогы жұмыс істейді, сондай-ақ, іс-шаралар (жәрмеңкелер, көрмелер, ашық есік күндері) белсенді пайдаланылады;

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету-деректерді қорғау шаралары, ЕСЭДО интеграциясы, Дербес деректер туралы заңнаманы сақтау іске асырылды.

Университетте цифрландыруға, автоматтандыруға және сапаны бақылауға кешенді көзқарас білім беру процесінің, ғылыми қызмет пен басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Енгізілген жүйелер студенттер, ПОҚ және әкімшілік арасындағы өзара іс-қимылдың ашықтығын, жеделдігін және ыңғайлылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ университеттің одан әрі дамуына ықпал етеді.

Білім алушылардың сауалнама нәтижелері студенттердің алған академиялық дәрежесі бойынша курстар, білім беру бағдарламалары туралы ақпараттандыруға толық қанағаттануын көрсетеді: 49 адам (81,7%) - толық қанағаттанған, 11 адам (18,3%) - ішінара қанағаттанған, бұл білім алушылардың хабардарлығы мен қанағаттанушылығының жоғары деңгейін көрсетеді.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

- осы стандарт бойынша күшті жақтары анықталған жоқ.

ССК ұсынысы:

1. Осы стандарт бойынша ұсыныстар жоқ.

Критерийлерге ССК негізделген:

Күшті – 0

Қанағаттанарлық – 17

Жақсартуды қамтиды – 0

Қанағаттанарлықсыз – 0

ССК қорытындысы:

«Ақпаратты басқару және есеп беру» стандарты бойынша 17 критерий ашылды, оның ішінде: 17 позициясы да қанағаттанарлық.

6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»

ЖОО ББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оны институционалдық деңгейде бекітуді көрсетуі тиіс

ЖОО әзірленген ББ белгіленген мақсаттарға және оқытудың жоспарланған нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы пәндер мен кәсіптік практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін айқындауы тиіс

ЖОО оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін қамтитын ББ түлегі моделінің болуын көрсете алады

ББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты анықталуы, нақтылануы және QF-EHEA FCK-нің белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі тиіс

ББ басшылығы кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, ол, оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс

ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұны мен оқу нәтижелерінің бір-біріне және оқу деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы ББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуі тиіс

ББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс

ББ басшылығы ББ білім беру нарығында (өңірлік/ұлттық / халықаралық) орналасуын, оның бірегейлігін көрсетуі тиіс

Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады

Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен (-лар) және/немесе қос дипломды (-лар) ББ болуы маңызды фактор болып табылады

Дәлелдеу бөлімі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту білім беру бағдарламалары туралы ереже негізінде әзірленеді. <https://korkyt.edu.kz/staticpages/246>.

Білім беру бағдарламалары университеттің миссиясына сәйкес келеді, жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандырады. Оқытудан күтілетін нәтижелердің сипаттамасы Дублиндік дескрипторлармен келісілген құзыреттілік деңгейлері тұрғысынан көрсетілген критерийлер жиынтығын қамтиды.

Студенттердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар Дублиндік дескрипторлар негізінде анықталады және қол жеткізілген оқу нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттіліктерді көрсетеді. БББ сапасын бағалау университеттің білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын бағалау ережесі негізінде жүзеге асырылады. <https://ru.calameo.com/read/0070813904808f4fd4401>.

«БВ02336-Қазақ филологиясы» БББ мақсаты – филология саласында фундаменталді білімді игерген, тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепцияларды терең меңгерген, ұлттық әдебиеттің даму жолы мен көркемдік-эстетикалық мәселелерді оқып үйренген кәсіби маман даярлау. Еңбек нарығының өзгеруіне, жұмыс берушілердің талаптарына және қоғамның әлеуметтік сұраныстарына байланысты БББ оқыту мақсаттары мен нәтижелеріне қажетті өзгерістер енгізіледі және білім беру бағдарламаларының тізілімінде жаңартылады.

Пәндер тізбегін құру және кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру логикасы білім, білік және тәжірибені кезең-кезеңмен тереңдету принциптеріне, сондай-ақ пәндік саланың ерекшеліктерін және студенттердің қажеттіліктерін есепке алуға негізделген.

Бітірушінің құзыреттілік моделі – бұл жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін қол жеткізуге болатын осы деңгейге қажетті құзыреттіліктер бағыты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген, 2023 жылғы 20 ақпандағы №66 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бойынша ПОҚ пен жұмыс берушілерден сұрастыру нәтижелері негізінде түлектің құзыреттілік моделін әзірленді.

Білім алушылардың жеке оқу жоспары негізінде мамандық шығарушы БББ оқу жылына арналған мамандықтың оқу жұмыс жоспарын әзірлейді, ол академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі - проректормен, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімінің басшысымен, оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет бөлімінің басшысымен, Гуманитарлық-педагогикалық институт директорымен және «БВ02336-Қазақ филологиясы» БББ жетекшісімен келісіледі және Қорқыт Ата атындағы Қызылора университеті Ғылыми кеңесі мәжілісі хаттамасының шешімімен бекітіледі.

Пәндердің оқу-әдістемелік материалдары, элективті пәндер каталогы университет «Platonus» бағдарламасына орналастырылады және білім алушылар үшін қолжетімді. Мамандықтардың элективті пәндер каталогы білім алушылардың таңдауы бойынша білім траекторияларын ескере отырып жасалады.

Жұмыс берушілер ұсынған элективті пәндер әдістемелік семинарда және қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның мәжілістерінде талқыланады. Білім беру бағдарламасын қалыптастыруға жұмыс берушілер және практика базаларының өкілдері, білім алушылар, оқытушылар тартылады.

Университетте БББ-ның іске асыру сапасын анықтау мақсатында жыл сайын білім алушылар арасында жүйелі түрде кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізіледі. Білім алушылардың университеттің білім беру қызметтерін ұсыну сапасына қанағаттану деңгейін анықтау және одан әрі жетілдіру мақсатында 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша сауалнама жүргізілді.

Сұралғандардың басым бөлігі сабақтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейімен, профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейімен, практикалық бағытталған сабақтарды ұйымдастырумен, білім алушылардың өзіндік жұмысын

ұйымдастырумен, өндірістік практиканы ұйымдастырумен, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырумен, университетте кәсіпкерлік ойлау дағдыларын алу мүмкіндігімен және білім алушылардың білімін бағалау саясатын және бақылауды ұйымдастырумен қанағаттанатындықтарын білдірген.

Аналитикалық бөлімі

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты АРТА талаптарына сәйкес келеді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен қайта қараудың өзіндік рәсімдері бар.

Аккредиттеу үшін ұсынылған «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің ережелеріне, Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға, жұмыс берушілердің тапсырыстарына сәйкес әзірленді, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен, сондай-ақ университеттің академиялық саясатымен келісілді.

Аталған білім беру бағдарламасын әзірлеуге кафедраның ПОК, жұмыс берушілер мен студенттердің өкілдері қатысқаны анықталды. Жұмыс берушілер тарапынан жазбаша сараптамалар бар.

Ұсынылған құжаттарды зерделеу негізінде аккредиттелетін білім беру бағдарламасы бойынша Бітірушінің құзыреттілік моделі жалпы білім берудің барлық деңгейлеріне құрастырылғаны және оқыту нәтижелері бірдей екендігі анықталды.

«6B02336-Қазақ филологиясы» БББ түлегінің моделін әзірлеу «Университет түлегінің құзыреттілік моделі» құжатына негізделген. Алайда, оның қазіргі түрінде кәсіби қоғамдастық пен еңбек нарығының талаптарымен нақты байланыс жоқ, бұл оның практикалық маңыздылығын төмендетеді. Сонымен қатар, модель бакалавриаттарды даярлаудың деңгейлік ерекшелігін ескермейді.

Осыған байланысты, ССК сарапшылары оның өзектілігін және қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігін арттыру үшін «Түлектің құзыреттілік моделі» құжатын қайта өңдеу қажеттігін атап өтті. Құжатты жаңарту кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- оқу деңгейлерінің ерекшелігі-бакалавриат, магистратура және докторантура үшін құзыреттерді саралауды енгізу.

- еңбек нарығының талаптарына бейімделу-компанияларда, ғылыми-зерттеу орталықтарында, мемлекеттік органдар мен бейінді ұйымдарда талап етілетін құзыреттерді көздеу;

- өзекті салалық трендтерді есепке алу – жаңа технологияларды, цифрландыруды, филолог-журналист, филолог-аудармашы, филолог-зерттеуші және т.б., бұл түлектерді даярлаудың практикалық маңыздылығын арттырады.

Сыртқы сараптама комиссиясының сарапшылары Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарымен аккредиттелетін білім беру бағдарламасы бойынша бірлескен білім беру бағдарламаларының жоқтығын атап өтеді. Академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында білім бағдарламасын қарастыру қажет етеді.

Сонымен қатар, «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ-ның оқу жоспарын зерделеу барысында Minor бағдарламалары жоқтығы анықталды. Көп жағдайда Minor курстары элективті пәндерден ажыратылмаған. Сонымен қатар БББ шеңберінде шектетпей, университет деңгейінде курстар ашу.

Қосымша курстар білім алушыларға келесі мүмкіндіктер береді;

- Білімді кеңейту және оқу үлгерімін арттырады. Курстар белгілі бір саладағы білімді тереңдетуге және материалды толық түсінуге көмектеседі.

- «Жұмсақ» дағдыларды дамытады. Курстар тек оқуда ғана емес, жалпы өмірде де пайдалы болуы мүмкін дағдыларды дамытуға көмектеседі: көшбасшылық қасиеттер, қарым-қатынас дағдылары және т.б.

- Қосымша білім беру жаңа пәндермен, мәдениеттермен және білім салаларымен танысуға мүмкіндік береді.

Сыртқы сараптама комиссиясының сарапшылары аккредиттелетін БББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі деңгейлеріне деген құрмет пен назардың жоғары деңгейін, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды, оқытудың әртүрлі тетіктерін пайдалана отырып, оларға оқытудың икемді траекторияларын ұсынуды ерекше атап көрсетеді. Атап өтсек, «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ-ның оқу жоспарында түлектерге оқу орталықтарында, колледждерде педагогикалық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндері енгізілген.

ССК сапары барысында жүргізілген білім алушылардың сауалнамасы:

1. Жалпы білім беру бағдарламасының сапасына, сондай-ақ БББ-дағы оқу бағдарламаларының сапасына 50 адам (83,3%) толық қанағаттандырылды, білім алушылардың 10 адамы (16,7%) ішінара қанағаттандырылды;

2. Жалпы оқыту әдістерімен 49 адам (81,7%) толық қанағаттандырылды, 8 адам (13,3%) ішінара қанағаттандырылды, 3 адам (5%) білім алушылар қанағаттандырылмады;

3. Оқу процесіне қатысты оқытушылардан кері байланысқа жауап беру жылдамдығымен 48 адам (80%) толық қанағаттанушылығын білдірді, білім алушылардың 12 адамы (20 %) ішінара қанағаттандырылды.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

- «6B02336-Қазақ филологиясы» білім бағдарламаның басшылығы білім алушылардың әртүрлі деңгейлеріне деген құрмет пен назардың жоғары деңгейін, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды, оларға оқытудың әртүрлі тетіктерін пайдалана отырып, оқытудың икемді траекторияларын ұсынады.

ССК ұсынысы:

1. Білім бағдарламаның басшылығы оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін көрсететін Білім бағдарлама Бітірушінің құзыреттілік моделін пысықтауы тиіс. Мерзімі 2025-2026 оқу жылы.

2. Қазақстан Республикасының университеттерімен бірлесіп аккредиттелетін БББ бойынша бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз ету. Мерзімі 2025-2026 оқу жылы.

3. «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ-ның жұмыс оқу жоспарына Minor бағдарламаларын енгізіп іске асыру қажет. Мерзімі 2025-2026 оқу жылы.

Критерийлерге ССК негізделген:

Күшті – 1

Қанағаттанарлық – 10

Жақсартуды қамтиды – 1

Қанағаттанарлықсыз – 0

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша 12 критерий ашылды, оның ішінде: 1 критерий – күшті, 10 – қанағаттанарлық, 1 критерий – жақсартуды талап етеді.

6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы»

ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі тиіс

ЖОО ББ мақсатына қол жеткізу және ББ тұрақты жетілдіру үшін ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды жүргізудің құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс
ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды қарастыру керек:
белгілі бір пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны;
қоғамның және кәсіби ортаның қажеттіліктерінің өзгеруі;
білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;
білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;
білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі;
білім беру ортасы мен қолдау қызметтерінің ББ мақсаттарына сәйкестігі
ББ басшылығы ББ өзгерістері туралы мәліметтерді жариялауға, мүдделі тұлғаларды ББ шеңберінде кез келген жоспарланған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабардар етуге тиіс
Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқуды ұйымдастыруға, оқытуға, бағалауға, ББ игеруге қанағаттану дәрежесін анықтауы керек

Дәлелдеу бөлімі

БББ қайта қарау «БББ әзірлеу және бекіту» ережесімен регламенттеледі.
<https://ru.calameo.com/read/0070813904808f4fd4401>.

Жұмыс берушілердің, білім алушылар мен оқытушылардың ұсыныстары жыл сайын өткізілетін әлеуметтік сауалнамалар, дөңгелек үстелдер және жұмыс берушілермен кездесулер барысында анықталады.

«6В02336-Қазақ филологиясы» БББ тұрақты мониторинг жасау және мерзімді бағалау білім берудің жоспарланған нәтижелерін толық қалыптастыруға бағытталған. Аккредиттеліп отырған БББ жүзеге асыру болашақ түлектердің бойында академиялық дәрежесіне сай кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруға және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Университетте БББ-ны қайта қарау, талдау, мониторинг жасау тәртібі бекітілген.

БББ мониторингі және мерзімді бағалау БББ мақсаттарына қол жеткізуге, оқытудың барлық жоспарланған нәтижелерін орындауға бағытталған. Университет білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын бағалау туралы ережеде қамтылған мониторинг және мерзімді бағалау жүргізу форматына қойылатын талаптарды орындайды.
<https://ru.calameo.com/read/0070813904808f4fd4401>.

Университет өз қызметкерлерінің кәсіби құзіреттілігін жоғарылату үшін түрлі ғылыми және практикалық семинарлар өткізіп тұрады. Бұл процесте университет әкімшілігі жетекшілік рөл атқарады.

БББ жақсартуды жоспарлау сапа менеджменті құралдары арқылы жүзеге асады. Мамандар даярлауды талап етілген сапаға сәйкес жүргізу қазіргі заманғы білім беру технологияларын қолдану арқылы жасалады.

«6В02336-Қазақ филологиясы» БББ бойынша элективті пәндер каталогын жасауда, диплом жұмыстарының тақырыптарын бекітуде және педагогикалық, өндірістік тәжірибеден өтуде жұмыс берушілердің, МАК төрағаларының ескертулері мен пікірлері, ұсыныстары ескеріледі.

БББ мониторинг жасау мен оны тұрақты бағалау білім беру бағдарламалары мәжілістерінде қаралады.

БББ басшылығы еңбек нарығының өзгерістерін, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етеді. Аталған үдеріс оқу процесіне ғылымның соңғы жетістіктерін, нарық талаптарын және жұмыс берушілердің ұсынымдарын көрсететін элективті пәндерді енгізу жолымен жүзеге асырылады. Элективті курстарды жетілдіру үшін кері байланыс білім алушылардың, қызметкерлердің және жұмыс берушілердің қатысуымен жүйелі түрде жинау, талдау және алдын ала ақпаратпен толықтыру негізінде жүзеге асырылады, олардың нәтижелері бойынша өзектілікті қамтамасыз ету үшін элективті курстарды қайта қарау жүргізіледі.

Орта мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны, мемлекеттік мекемелер мен білім беру ұйымдарындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары мен пікірлері негізінде жыл сайын сапа жөніндегі академиялық комитеттің отырыстарында БББ элективті пәндерінің каталогы қайта қаралады және жаңартылады. БББ өзгерістері туралы барлық мәліметтер университет сайтында, кафедра парақшасында, әлеуметтік желілерде жарияланады.

Білім алушылардың «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ-на қарасты көзқарастарын, мамандыққа деген қызығушылықтары мен қанағаттануларын білу мақсатында университеттің «Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету» бөлімі арқылы әр семестр сайын барлық білім алушыларға сауалнама жүргізіліп отырады.

Аналитикалық бөлімі

АРТА сыртқы сараптама комиссиясының мүшелері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алушылар мен қоғамның мақсаттарына қол жеткізуді және қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін БББ мониторингі мен мерзімді бағалаудың қажетті тетіктері бар екенін анықтады. Аккредиттеліп отырған БББ басшылығы оқу жылы ішінде студенттердің білімін мониторингтеу, мерзімді бағалау, ағымдағы бақылау рәсімдерін қолданады, еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жақсарту және қайта қарау мақсатында студенттер мен түлектерге, ПОҚ және жұмыс берушілерге сауалнама жүргізеді. Оқу процесінің сапасын бақылау жөніндегі барлық іс-шаралар кафедралардың, оқу-әдістемелік комиссиялардың және академиялық кеңестің отырыстарында БББ дамыту жоспарларын әзірлей отырып тіркеледі және талқыланады.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

- осы стандарт бойынша күшті жақтары анықталған жоқ.

ССК ұсынысы:

1. Осы стандарт бойынша ұсыныстар жоқ.

Критерийлерге ССК негізделген:

Күшті – 0

Қанағаттанарлық – 10

Жақсартуды қамтиды – 0

Қанағаттанарлықсыз – 0

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты бойынша 10 критерий ашылды, оның ішінде: 10 позиция - қанағаттанарлық ұстанымға ие.

6.5. Стандарт «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау»

ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға оқытудың икемді траекторияларын ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы даярлау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, ББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалануды, оның ішінде құзыреттерді, ғылыми жұмысты қажетті деңгейде орындау дағдыларын қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы ББ шеңберінде білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір бітірушінің ББ мазмұны мен мақсаттарына қол жеткізуді игеруді қамтамасыз ету тетіктерін айқындауға тиіс

ББ пәндерін оқыту әдістемесі саласында өз зерттеулерінің болуы маңызды фактор болып табылады

ЖОО оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің ББ жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс

ЖОО ББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің жүйелілігін, ашықтығы мен объективтілігін, бағалау критерийлері мен әдістерін алдын ала жариялауды қамтамасыз етуі тиіс

Бағалаушылар оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін білуі және осы салада үнемі біліктілігін арттыруы керек

ББ басшылығы оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың түрлі әдістемелерін пайдалану бойынша кері байланыс жүйесінің бар екендігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы оқытушы тарапынан бір мезгілде басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс

ББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің бар жоғын көрсетуі тиіс

Дәлелдеу бөлімі

БББ мақсаты – филология саласында фундаменталді білімді игерген, тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепцияларды терең меңгерген, ұлттық әдебиеттің даму жолы мен көркемдік-эстетикалық мәселелерді оқып үйренген кәсіби маман даярлау. Осы мақсаттан туындайтын студентке бағытталған оқыту студенттердің оқу нәтижелеріне жетуінде маңызды рөл атқарады.

Университет білім алушыларға жеке білім беру траекториясын таңдау үшін жағдай жасайды. Білім алушы басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде де жекелеген пәндерді оқи алады. <https://www.calameo.com/read/0074313086ec174255a06>.

БББ басшылығы оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жеке қабілеттерін, мүдделерін, тілектерін ескеруге мүмкіндік беретін оқытуға сараланған мынадай білім беру технологиялары мен оқытудың белсенді әдістері қолданылады: акпараттық, акпараттық-коммуникациялық, интерактивті, кейс-әдіс, ассоциограмма, Блум таксономиясы, жоба, портфолио, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, тренингтер, семинар-пікірталастар, проблемалық конференциялар, пікірталастар, дөңгелек үстелдер және т.б. Оқытудың заманауи әдістерін оқу процесіне ПОҚ енгізу білім алушылардың әртүрлі ақпарат көздерімен өзіндік танымдық іс-әрекетін, курс оқытушысымен жүйелі өзара іс-қимылды және білім алушылардың топтық жұмысын икемді үйлестіруге мүмкіндік береді және білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

Университет басшылығы оқытудың қандайда да бір күрделі мәселелеріне қарамастан білім беру бағдарламасын игергісі келетін барлық студенттерге тең мүмкіндіктер ұсынады.

Университет студенттердің аудитория және аудиториядан тыс жүктеме көлемінің теңгерімін сақтайды, БӨЖ үшін бақылау кестесін әзірлейді және т.б. Студенттердің мамандықты игерудегі, олардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі тәуелсіздігі пен белсенділігіне, практикалық маңызы бар әртүрлі деңгейдегі күрделі тапсырмалар мен мәселелерді шешудегі бірлескен шығармашылық жұмысына зор көңіл бөлінеді.

Оқудың барлық кезеңінде студенттер студенттік өзін-өзі басқаруға белсене қатысады, емтихан сессияларын ұйымдастырады және бақылайды, университеттің жоғары органдарының жиналыстарына қатысады.

Жеке траектория оқытудың кредиттік технологиясының міндетті шарты болып табылады, сондықтан білім беру бағдарламасы әрбір академиялық семестрде түзетіледі және қажетті өзгертулер жасалады. Білім беру бағдарламасы негізінде Тіркеу офисі академиялық топтарды жасақтайды, ал пәнге тіркелетіндер жеткіліксіз болған жағдайда жеке оқу жоспарын түзету қажеттілігі туралы студенттерге хабарлайды.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту мен оқытудың заманауи әдістемелерін енгізу барысында пәндер бойынша ғылыми-әдістемелік және оқу материалдары, оқу құралдары, оқу-әдістемелік кешендер, пәнді оқу мен игерудің икемділігін, бейімделігін, вариативтілігін көздейтін әр алуан проблемалық мақалалар, филологияның теориялық және әдістемелік мәселелеріне арналған арнайы оқу құралдары мен оқу кешендері әзірленеді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде пәндер бойынша бақылау нысандары мен түрлері белгіленген пәндерді Басқарма төрағасы-ректордың бекіту туралы

бұйрығы негізінде кафедраларға ұйымдастырылады, білім алушылардың білімін бақылау және бағалау жүйесін тіркеуші офис жүзеге асырады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау бекітілген оқу сабақтарының кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Пәннің оқу бағдарламасы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың әртүрлі түрлерін анықтайды: ауызша сауалнама, жазбаша бақылау, аралас бақылау, үй тапсырмаларын ұсыну, пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, кейс-стади, тесттер және т.б. аралық немесе аралық бақылау белгілі бір бөлімнен өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Оқу тапсырмаларының барлық түрлері бойынша оқу жетістіктері (білім, білік, дағды және құзыреттілік) білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағаланады. Білім алушылар институт директорының өкімі негізінде емтихан сессиясын тапсыруға жіберіледі, ол студенттің ағымдағы және аралық бақылаудың барлық түрлерін тапсыруын ескере отырып рәсімделеді. Пән бойынша қорытынды баға рұқсат беру рейтингін және қорытынды бақылауды бағалауды қамтиды.

Білім беру мониторингін тіркеуші кеңсесі жауап береді, ол ағымдағы емтихандарды ұйымдастыруды және олардың өткізілуін бақылауды, білім алушылар контингентінің қозғалысын есепке алуды жүзеге асырады, барлық БББ бойынша аралық және қорытынды бақылауды жүргізеді, жиынтық семестрлік ведомостарды жасайды, сессиялардың, қорытынды аттестациялардың, студенттердің білімінің бақылау бөлімдерінің академиялық көрсеткіштерін талдайды, орташа өту балын (GPA) айқындайды.

Аралық және қорытынды бақылау нәтижелері бойынша оқу процесін басқарудың әртүрлі деңгейлерінде шешім қабылдауға ыңғайлы кестелік және графикалық нысандар пайдаланылатын талдамалық материалдар ұсынылады. Барлық нәтижелер кафедра отырысында талқыланады. Оны өткізу қорытындысы бойынша пәндерді оқыту процесін жетілдіру және анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалады. Оқу үлгерімі туралы ақпарат «Платонус» ААЖ арқасында студенттер үшін қолжетімді.

Аккредиттелетін БББ-ны табысты іске асыру үшін біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылар алған білімдері мен дағдыларын оқу процесіне енгізеді. Аккредиттелетін БББ оқытушылары оқу процесінде портфолио әдістерін, жобалық оқытуды, пікірталастарды, диалогтық оқытуды, кейс-кезеңдерді, күрделілігі жоғары міндеттерді шешу және шешу арқылы сыни ойлауды дамытуды, карталардың интеллектісін, дарынды білім алушылардың жұмысын, оқыту процесінде инклюзивті тәсілді, білім алушылардың жас ерекшеліктерін есепке алуды белсенді пайдаланады.

Білім алушыларды психологиялық қолдау мақсатында университетте психологиялық қолдау орталығы құрылды. <https://korkyt.edu.kz/ru/page/198> Студенттерге оқытушы тарапынан болатын жетекшілік пен көмек олардың дербес жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады.

Университет бітіруші кафедра, институт, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ректор және эдвайзерлер деңгейінде білім алушылардың шағымдарын қарау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Ректор мен проректорларды қабылдау сағаттары белгіленген. Білім алушыдан түскен шағым бойынша алуға, өңдеуге, қарауға, шешуге және кері байланысқа байланысты процестерді регламенттеу және шағым бойынша шешімге тартылған барлық қатысушы тараптардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру мақсатында университетте білім алушылардың шағымдарын қарау Ережесі қолданылады. <https://korkyt.edu.kz/page/69>.

Аналитикалық бөлімі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде студенттік орталықтандырылған оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін қажетті тетіктер әзірленді. Басшылықпен, оқытушылармен және студенттермен кездесулерде АРТА сыртқы сараптама комиссиясының мүшелері білім беру үдерісінің орталық қатысушылары болып табылатын студенттер екеніне, олардың мүдделері мен сұраулары БББ іске асыру кезінде бірінші орынға қойылғанына көз жеткізді. Студенттік орталықтандырылған оқыту оқытудың жеке

білім беру траекториясын таңдау және іске асыру, жазғы семестрде оқыту, Академиялық ұтқырлық, Академиялық кеңесші – эдвайзер-кураторлар қызметінің жұмыс істеуі, ақпараттық және кітапхана ресурстарына қолжетімділік, материалдық-техникалық базаға қолжетімділік, академиялық, Әлеуметтік және қаржылық қолдаудың тегін медициналық қызмет көрсетуі, апелляция және басшыларға жеке қабылдау мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, бірінші курс студенттеріне тез бейімделуге және ерекше қажеттіліктері бар және әлеуметтік жетім студенттерге ерекше назар аударылады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде дәстүрлі әдістермен қатар оқытудың интерактивті әдістері белсенді қолданылады. Оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау білімді меңгеру деңгейін бағалау (тесттер, емтихандар, бақылау жұмыстары), Сабақ барысында студенттерді бақылау, студенттердің қанағаттану деңгейін және олардың оқыту әдістерін қабылдауын анықтау үшін сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың ішкі қажеттіліктердің қанағаттану деңгейін анықтау үшін Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы әр академиялық кезеңде университет білім алушыларына, оқытушыларына және қызметкерлеріне төмендегідей сауалнамалар («Оқытушы студент көзімен», «Нақты курс шеңберінде (пән) оқу процесін ұйымдастыру сапасын анықтау», «Бітіруші курс студенттеріне арналған сауалнама», «Білім алушылардың ЖОО-да оқуға қанағаттануы» және т.б.) жүргізіп отырады.

Білім алушылардың шағымдарын әртүрлі деңгейде қарау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Университетте қоғамдық комиссия, сенім телефоны және ұсыныстар, ескертулер мен тілектер үшін жәшік жұмыс істейді. Ректордың білім алушылармен кездесулері өтеді. Шағымдар мен ұсыныстарды қарау Ректор блогы арқылы жүзеге асырылады <http://e-univer.korkyt.kz/Blog.aspx>.

ББ білім алушыларының оқу нәтижелерін бағалау үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде кеңес беру рәсімдері әзірленіп, қолданылады. ПОҚ мен студенттер үшін әрбір білім алушының білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау туралы ақпарат «Platonus», «E-Univer» ААЖ-да қолжетімді.

Алайда оқу нәтижелерін бағалау курстары қажет, өйткені ПОҚ әзірлеген силлабустарының ішінде әр баға не үшін қойылады, қандай критерийлер бойынша білім алушының жұмысы бағаланатыны туралы мәлімет берілмеген.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

- осы стандарт бойынша күшті жақтары анықталған жоқ.

ССК ұсынысы:

1. ББ басшылығы оқыту нәтижелерін бағалаудың қазіргі заманғы әдістері саласында ПОҚ біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруды көздесін. Мерзімі 2025-2026 оқу жылы.

Критерийлерге ССК негізделген:

Күшті – 0

Қанағаттанарлық – 10

Жақсартуды қамтиды – 0

Қанағаттанарлықсыз – 0

«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты бойынша 10 критерий ашылды, оның ішінде: 10 позиция – қанағаттанарлық.

6.6. Стандарт «Білім алушылар»

ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және білім алушылардың өмірлік циклін (түсуден бастап аяқтауға дейін)реттейтін рәсімдердің ашықтығын, жариялануын қамтамасыз етуі тиіс

ББ басшылығы жаңа ғана оқуға түскен және шетелдік білім алушылар үшін бейімдеу мен қолдаудың арнайы бағдарламаларын жүргізуді көздеуге тиіс

ЖОО өз іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығының нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, ресми және бейресми оқыту нәтижелерін тану жөніндегі тетіктің болуы мен қолданылуын көрсетуі тиіс

ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс

ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан (оқудан тыс қызметтен) тыс өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға ынталандыруы тиіс

Дарынды білім алушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады

Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы түрде тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық тану ақпараттық орталықтары» ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуі тиіс

ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс

ЖОО түлектерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізілген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылары бар екенін және бұл дағдылардың шынымен де өзекті екенін көрсетуі керек

ББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуына және кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс

Маңызды фактор-қолданыстағы түлектер қауымдастығының/бірлестігінің болуы

Дәлелдеу бөлімі

Білім алушыларды қабылдау «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Университетке қабылдау ережелері мен шарттары туралы ақпарат, қажетті құжаттардың тізбесі, білім беру бағдарламаларының тізбесі, нормативтік құжаттар, хабарландырулар және қабылдауға қатысты басқа да ақпарат университеттің ресми сайтында «Талапкер» бөлімінде орналастырылған <https://korkyt.edu.kz/ru/staticpages/132> және қабылдау комиссиясының ақпараттық стендтерінде бар, сондай-ақ «Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Сыр түлегі», «Қызылорда-Қазақстан», «Қоғам-ТВ» телеарналарында жарнамалық роликтер көрсетіледі.

Университетте білім алушылар контингентін қалыптастыру үшін кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында пәндік олимпиада, Ашық есік күндері өткізіледі.

«Рекрутинг орталығы өз қызметін жүзеге асырады», «MatGeoChild» және «Continue» тәрізді талапкерлер үшін авторлық бейнежазбалары іске асырылады.

Шетелдік студенттер санын арттыру мақсатында қазақ ұлтының шетелдік талапкерлері арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында онлайн-эссе байқауы ұйымдастырылады, ал 10 жеңімпаз студент университеттің «Білім гранттарымен» марапатталды.

Кредиттік технологияға сәйкес Білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі және университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен GPA (үлгерімнің орташа балы) негізінде білім алушыларды келесі курсқа ауыстыру принципі қолданылады.

БББ-ны тиімді игеру және оны іске асыруға сәйкес академиялық дәреже алу мақсатында білім алушылар үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау басым бағыт болып табылады. Студенттерді ынталандыру негізінде оқу іс-әрекетінің тиімділігі және оқу процесіне бейімдеу шаралары ұйымдастырылады. Осыған байланысты университетте бірінші курс студенттерін жоғары оқу орындарына бейімдеу бағдарламасы білім беру процесіне енгізілді.

1-курсқа түскен студенттерді бейімдеу үшін бағдарлау апталығы өткізіледі, онда институт директоры, БББ жетекшісі және эдвайзерлер кіріспе сабақ өткізеді, онда оқытушылармен, анықтамалық-нұсқаулықпен, кредиттік технология, ішкі тәртіп, жатақханада тұру ережелерімен, Академиялық адалдық кодексімен және басқа да ішкі нормативтік құжаттармен таныстырылады. Осы апталық аясында университет кітапханасы

библиографиялық сабақ ұйымдастырады, онда бірінші курс студенттері жұмыс режимімен, оқу залдары мен абонемент пайдаланушыларының нұсқаулығымен, «МегаПРО» АИБС бағдарламасымен таныстырылады.

Басқа қазақстандық немесе шетелдік оқу орындарында алған оқу нәтижелерін тану Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына, сондай-ақ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ресми және бейресми оқу кредиттерінің нәтижелерін тану және қайта есептеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Университеттің халықаралық байланыстарының географиясы жыл сайын кеңейіп келеді.

Университетте «Студент жастар одағы» қоғамдық бірлестігі, «Jastar Ruhy» Жастар қанаты, «Ұлағат ұландары» педагогикалық жасағы, «Ақиқат» саяси пікірталас клубы, «Q-құрамасы» КТК командасы, «Қыз Жібек» қыздар клубы, «Қазақстан студенттер Альянсы» филиалы сияқты 24 жастар ұйымы жұмыс істейді, «Қорқыт шақырады» жастар қозғалысы, «Домбыра думан» клубы, «Сыр сымбаты» спорт клубы, «Book club» оқырмандар клубы, «Достық» студенттер клубы, «Жауқазын» жастар театры, «Enactus» клубы, «Good Deed» еріктілер ұйымы, «Сырлы қала» жас ақындар клубы, «Қыран» еріктілер клубы, «Q-crew» би клубы, «Qorqyt» зияткерлік клубы, «Зерде» ғылыми-жастар қоғамы, «ArtStar» суретшілер клубы, «Q моб» мобилограф клубы, «Саналы ұрпақ» фронт офисі, студенттік парламент жұмыс жасайды.

Университетте білім алушылардың шығармашылық дамуы мен ғылыми зерттеулерге қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасалған. Ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, дөңгелек үстелдердің, конкурстардың жұмысына қатысу; ғылыми журналдарда және конференциялардың баяндамалары, материалдары мен тезистерінің жинақтарында жарияланымдары бар. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу конференциясына «6B02336-Қазақ филологиясы» БББ білім алушылары үздіксіз қатысып отырады.

Студенттерге қолдау көрсету бойынша олардың оқу-тәрбие, жеке даму мүмкіндігін қанағаттанушылығын анықтау мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімі жыл сайын «Білім алушылардың ЖОО-да оқуға қанағаттануы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізеді.

Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың стратегиялық жоспарлау және сапаны басқару бөлімі оқытушылардың оқу пәндерін оқыту сапасын және кәсіби шеберлігін зерделеу мақсатында «Оқытушы студенттер көзімен» тақырыбында үнемі әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Сауалнама барысында білім алушылар оқытушыларды әртүрлі сипаттамалар бойынша бағалайды.

Бейресми білім беруді тануды қоса алғанда, жоғары білім беру біліктіліктерін, оқу кезеңдерін және алдыңғы білім беруді объективті тану студенттердің оқу процесінде қажеттіліктерін қамтамасыз етудің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және ұтқырлыққа ықпал етеді және академиялық ұтқырлық туралы ереже негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың кәсіптік практикасы академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, үлгілік және жұмыс оқу жоспарларымен және білім беру бағдарламаларымен айқындалады.

Білім алушыларға практикаалды нұсқаулық конференция өтеді. Тапсырма алады және тапсырмаларды орындау мерзімдерімен, практика бағдарламасында көзделген құжаттарды жүргізу тәртібімен танысады. Практикадан өту барысында білім алушылар күнделік жүргізеді, БББ мәжілісінде қорғалатын есептер жазады. Практика қорытындылары бойынша хаттамалар мен есептер БББ-да сақталады.

Жұмысқа орналасу мәселелерін рекрутинг және мансап басқармасы қадағалайды.
<https://korkyt.edu.kz/ru/page/127>

